ҒТАХР 39.03.15

ӘЛЕМНІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БЕЙНЕСІНДЕГІ КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ КАТЕГОРИЯЛАРЫ

Ш.Ш. Карбаева
п.ғ.к., доцент,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
email: karbaevash@mail.ru

Қазіргі уақытта географиялық ғылымның дамуымен байланысты әлемнің географиялық бейнесі ғылыми танымның тікелей пәні ретінде қарастыралыды, сондай-ақ қазіргі заманғы әлемді үлгілеудің негізі болып табылады. Әлемнің географиялық бейнесі - адамның табиғат және қоғам туралы түсінігін және оған қатынасын білдіретін кең ұғым. Бұл мақалада әлемнің географиялық бейнесіндегі екі категория, яғни кеңістік пен уақыт туралы сөз болады. Бүгінгі таңда тарих уақыт туралы ғылым болса, география кеңістік туралы ғылым болып табылады. «Кеңістік» категориясы география ғылымының философиялық тұжырымдамалық негізін құрай отырып, оның географиялық кеңістік туралы мәнін ашады. Барлық географиялық нысандар, құбылыстар мен процестер кеңістікпен байланысты.

Түйін сөздер: *әлемнің географиялық бейнесі; географиялық таным; кеңістік, уақыт; дүниетаным; география ғылымының тұжырымдық негізі; адам; табиғат; қоғым*

Кіріспе

Географияның ғылым саласы ретінде дамуына XVIIIғ. тарих әсер етті. XIXғ мен XX ғасырдың басында география антропогеографияны құрайтын геология, геофизика, биология сияқты Жер туралы ғылымдардың бірі ретінде қабылданды. Оның негізгі бағыты жаратылыстану ғылымдарында анық байқалады, субъективизмнен экспериментке өту, яғни географияның нысандарын (объектілерін) жаратылыс ретінде қабылдау. Дәстүрлі географиялық еңбектерге сүйенсек ұзақ уақыт бойы география ғылымында аумақты сипаттайтын идеографиялық тәсіл басымдық танытты. Мұнда географтар табиғи нысандар мен табиғи құбылыстарды зерттеуден бұрын оның орналасқан орнына көп көңіл аударды. Оның кеңістіктік және уақыттық аспектілері зерттелмеді, ғылымды қалыптастырушы заңдар мен заңдылықтарға аса мән берілмеді. Тек географияның жеке саласының империкалық заңдары қалыптасты, мысалы, физикалық географиядағы зоналық, азоналық заңдарын айтуға болады.

XXғ. бірінші жартысында география ғылымы өндіргіш күштердің бір құраушысы ретінде өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, халықтың орналасуын кеңістіктік ұйымдастыру тұрғысынан техникалық ғылымдарға жақындасады. XXғ. 50-60 жж. география математика және теориялық физика ғылым салаларымен кіріктіріліп, география ғылымында номететикалық тәсіл - жалпы заңдылықтарды орнықтыру қалыптаса бастайды.

Ғылыми-техникалық революция және ғылымның қоғамдық өндіргіш күштеріне айналу кезеңі жаңа бір ғылыми дүниетаным туралы ұғымның туындауына себеп болып отыр. Ғылыми дүниетаным ұғымы өз кезегінде жалпы ғылыми, жаратылыстану-ғылыми, қоғамдық-ғылыми дүниетаным ұғымдарын құрайды. Әлемнің жалпы ғылыми бейнесінің маңызды құрамдас бөлігі – әлемнің жаратылыс-ғылыми бейнесі болып табылады. Бұл ұғым XIXғ. екінші жартысында жаратылыстану біліміндегі революциялық қайта құрылуларға байланысты пайда болып, бүгінгі күнге дейін кеңейіп, толықтырылып, қазіргі уақытта толық қалыптасты. Жаратылыстану ғылымдарының ішінде әлемнің физикалық бейнесі жақсы зерделенген. Мысалы, екі ғасыр бойы «әлемнің ньютондық бейнесі» басымдық танытып келсе, XXғ. басында ол жетілдіріліп, кеңістік, уақыт, атом, электромагнетизм, кванттық механика, салыстырмалық теориясы, релятивистік космология пайда болды [1, 2].

Қазіргі қоғамның постмодерн кезеңіне өтуінде біз кеңістіктің жаңа типтеріне – ғарыш кеңістігіне, виртуалды кеңістікке, ақпараттық кеңістікке, коммуникативтік кеңістікке, экономикалық кеңістікке, жаһандық кеңістікке және т.б. геосаяси әдіснамаларды көрсететін геосаясаттағы жаңа үрдістерге бетпе-бет келдік. Бірқатар постмодернист философтар, мәселен, Ж.Делез және Ф.Гваттари Батыс пен Шығыстың интеллектуалды мәдениетінің алуан түрлілігін олардың кеңістіктегі айырмашылықтары арқылы ұғынуға тырысып, әлеуметтік-мәдени, саясат және геосаясатта қолдану үшін ғылымға «геофилософия» терминін енгізеді [3, 4].

Негізгі бөлім

Кеңістік пен уақыт қазіргі жаратылыстану ғылымдарындағы материя болмысының іргелі категориялары, яғни жаратылыс нысандарының кеңістіктік-уақыттық сипаттамаларын өлшеумен байланысты. Сондықтан әлемнің жырытылыс-ғылыми бейнесі кеңістік пен уақыт туралы тиісті ілімдермен байланысты. Философияда кеңістік пен уақыт – философиялық категориялар. Кеңістік пен уақыт категориялары бір-бірімен тығыз байланысты, олардың бірлігі кез келген жүйенің қозғалысы мен дамуынан көрініс табады. Ежелгі дәуір философиясы мен ғылымында кеңістік пен уақыт категорияларын жүйелеу ұстанымы өзгешелеу болды. Кеңістік пен уақыттың Аристотельден бастап Эйнштейнге дейінгі жаратылыстанымдық және философиялық ой тұжырымдарына талдау жасасақ, кеңістік пен уақыт материя болмысының әмбебап әрі жалпыға ортақ формасы, яғни кеңістік пен уақыттан тыс болатын құбылыстар, оқиғалар, заттар жоқ деп тұжырымдалады. Демек, қазіргі жаратылыс-ғылыми бейне адамзат дамуының әрбір қоғамдық дәуіріндегі, әрбір өркениет кезеңіндегі танымдық тарих екендігі белгілі болып отыр [5, 6].

Жаратылыстану және философиялық білімнің өзара байланысын қорытындылау және жүйелеудің жоғары деңгейі тұрғысынан әлемнің жаратылыс-ғылыми бейнесі жаратылыстану ғылымдарының маңызды жетістіктері, олардың ұстанымдары, заңдары мен заңдылықтары, материяның қозғаушы күші ретінде оның дамуы, әлемнің және адамның пайда болуы туралы біртұтас түсініктеме береді. Әлемнің жаратылыс-ғылыми бейнесі бақылаудан өткізіліп тәжірибеде нақытыланған қоршаған әлем туралы іргелі білімді қамтиды. Оны жаратылыстану ғылымдарының жеке ғылыми бейнелерінің жиынтығы ретінде қарастыруға болады.

Қазіргі жаратылыстану ғылымы натурфилософия, орта ғасырдағы классикалық жаратылыстануды және «постклассикалық» ғылымдарды біріктіре келе, олардың бірлігі және табиғаттың біртұтастығы туралы ортақ идеялар жаратылыстанудың ғылыми негізі болып табылады. Сондықтан жаратылыстану-ғылыми пәндерде қарастырылатын негізгі дүниетанымдық идеялардың бірі – табиғаттың біртұтастығы идеясы, оның зерттеу нысандары ретінде адам, қоршаған тірі және өлі табиғат, техника және технология алынады.

Әлемнің жаратылыс-ғылыми бейнесінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – әлемнің географиялық бейнесі, ол жан-жақты ұғымды білдіреді. Мәселен, әлемнің географиялық бейнесінің бір бөлігі жер табиғатын, екіншісі – жер шары халқын, үшіншісі – әлемдік шаруашылықты, соңғы бөлігі қоғам мен табиғаттың өзара байланысы жүйелерін қамтиды. Осы географиялық жүйелерді зерттеу кеңістік пен уақыттың тығыз байланысын көрсетіп, география теориясы үшін оның маңызды әдіснамалық мәнін ашып отыр. Ғылымда әлемнің географиялық бейнесінің әдіснамалық проблемаларын трансформациялау мәселелеріне теориялық талдау әлі де болса жетілдіруді талап етеді. Геоверсум динамикасы туралы кеңістіктік-аумақтық түсінікті саралай отырып, ғаламдық эволюционизм парадигмасы мен оның әдіснамалық рөліне баса назар аударылуы тиіс. Сонда ғана табиғат және социум туралы білім нақты теориялық саралану үлгісі ретінде көрініс тауып, қазіргі әлемнің географиялық бейнесі тереңдетіліп жетілдірілетін болады [7].

Күнделікті өмірде біз үнемі кеңістік пен уақыт ұғымымен бетпе-бет келеміз, біз үшін бұл үйреншікті, белгілі және белгілі бір шамада айқын нәрсе. Дегенмен, философия және жаратылыстану тарихында осы ұғымдардың мәнін түсіну үнемі талқыланып отырады. Өйткені география ғылымының танымдық және әрекет ету аясы кеңейген. Мәселен, этностар, мен өркениет, табиғи және антропогендік дағдарыстар, климаттағы ғаламдық өзгерістер табиғи және

әлеуметтік құбылыстар арасындағы байланыс, демографиялық жарылыс, саяси кикілжіңдер, экономикалық дағдарыс және т.б. мәселелер география ғылымының қарастыратын зерттеу пәніне айналып отыр. Географиядағы кеңістік табиғи және қоғамдық процестер жүретін қабықты құрап қана қоймай, шаруашылық, табиғи, қоғамдық, демографиялық және басқа да барлық географиялық нысандардың сипатына әсер етуші оның негізгі факторы ретінде де қарастырылады. Ол ең бір қарқынды қозғаушы күш болып табылады және табиғи қоршаған ортамен бірге қоғамдық нысандарды, құбылыстар мен процестерді кеңістіктік-уақыттық үйлестіруші [8].

Сонымен, бүгінгі таңда географияның кеңістік, ал тарихтың уақыт туралы ғылым екендігі дәлелденіп, географиялық кеңістіктің мәні – кеңістік пен уақыттың формасы ретінде географиялық жүйелер зерттеудің жаңа деңгейіне көтеріліп отыр. Табиғат пен қоршаған орта арасындағы өзара байланыс мәселелері адамзат баласының өмір сүру эволюциясының барлық кезеңдерінде маңызды рөл атқарған және адам табиғаттың ажырамас бір бөлшегі болып, табиғатқа көп жағынан бағынышты, тәуелді болған. Көшпенді халықтың дүниетанымында дала ланшафты алғашқы жаратылыспен байланысы бар бір ерекше мінсіз кеңістік ретінде көрініс тапқан [9].

Географиялық кеңістік тұжырымдамасын құрудың алғашқы қадамы XIX-XX ғғ. ғалымдардың еңбектерінде кездеседі (К.Риттер, А.Геттнер және Г.Хартшорн). мәселен, Г.Хартшорн кеңістік туралы идеяны дамыта келе, оған «уақыт» ұғымын ендірді. Ал географиялық ғылымда геокеңістік парадигмасын А.М.Берлянт, В.С.Жекулин, Ю.Г.Саушкин, В.М.Гохман, Б.Л.Гуревич, Б.Б.Родоман, А.М.Смирнов, А.Ф.Асланикашвили, М.М.Ермолаев, В.С.Преображенский, А.М.Трофимов, А.И.Чистобаев, В.Д.Сухорукова, С.В.Васильев және т.б. зерттеушілердің еңбектерінен кездестіреміз. Мәселен, Б.Б.Родоман географиялық кеңістіктегі географиялық нысандардың функциясы ұстанымын қалыптастырды.

Географиялық ғылымның философиялық тұжырымдарының негізін «кеңістік» категориясы құрайды. Ол фрагменті бола тұра, кеңістіктік тұжырымдарды зерттеуге мүмкіндік беретін өзіндік қасиет пен сипаттамаға ие әрі уақытпен өте тығыз байланысты. Сондықтан «кеңістік» ұғымын талдауда географияның одан тысқары қалуы мүмкін емес. Себебі, география ғылымы кеңістіктің жаратылыс-ғылыми және әлеуметтік-мәдени түсініктерін байланыстырушы көпір іспеттес. Оны Ю.В.Костинскийдің «...географияда кеңістік ұғымының көмегімен әртүрлі заттардың бірлігі және әлемнің біртұтастығы жақсы көрініс табады. География үшін «кеңістік» ұғымы географиялық танымның өзегі ретінде кеңістіктік тәсілді жүзеге асырушы», - деген пікірімен қорытындылауға болады [10].

Географиялық кеңістік мазмұны біртіндеп толықтырылып, «кеңістік» ұғымын нақтылау арқылы қалыптасты. XX ғасырға дейін географияда кеңістікті елтану тұрғысынан елдер мен орны туралы түсіну басым болып келіп келіп, география ғылымдарының міндеттерінің бірі осы кеңістіктің немен толықтырылатынын зерттеу болды. Кеңістіктік талдау жеке құбылыстардың байланыстарын анықтауға мүмкіндік берді. География ғылымындағы компоненттік-кешенді парадигмаға сәйкес географиялық кеңістік дара және жер қыртысындағы барлық құбылыстардың жиынтығы ретінде қарастырылып, кейбір географ ғалымдардың пікірі бойынша географиялық алаң ретінде беріліп жүр. Осылайша географиялық кеңістік құрылымын ерекшелігі бойынша өлшемі, аудандастыру бірлігі, бейнесі, субстанция тұрғысынана толтыру және атрибуты бойынша жеке кеңістік ұғымдары құрайды [11].

Географияның экономикалық бөлігінде географиялық кеңістік болмыс нысаны ретінде емес, ерекше зерттеу әдістері ретінде қарастырылады. Экономикалық географиялық зерттеулер негізін материя қозғалысының әлеуметтік формасы ретіндегі материалдық өндіріс құрайтын әлеуметтік жүйе кеңістігі туралы түсініктерді талдаудан тұрады. Мәселен, қазіргі экономикалық географиялық зерттеулерге талдау жасайтын болсақ, геокеңістіктік қатынастардың жаңа теориясын құру қажеттігі, оның әдіснамалық негізін жүйелік-құрылымдық тәсіл құрайтындығы жайында пікірлер айтылуда. Мұнда бұрынғы теориялық ұстанымдар мен тәсілдер экономикалық-географиялық талдаудың нақтылы әдістемесіне көшеді [12].

Кеңістік пен уақыт нақты географиялық, биологиялық және әлеуметтік кеңістік пен уақыттың «симбиозын» білдіре келе, нақты географиялық түсінік тұрғысынан кеңістік пен уақыт

қозғалыстағы материяның болмыс формасы ретінде бйнеленеді. Осыған орай, географиялық кеңістікті табиғат пен адамның өзара әрекеттестігін көрсететін аумақтармен теңестіруге болады. Экономикалық және әлеуметтік географияны зерттеушілер «кеңістік» және «уақыт» категорияларының өзара тығыз байланыстылығын, әр уақыттың өз кеңістігі, ал әрбір кеңістіктің өз уақыты бар екендігін дәлелдей келе, оларды «timespace» терминімен, яғни «уақыт-кеңістік» деп атауды ұсынады. Жаңа және күрделі әлеуметтік кеңістік туралы идеялардың дамуы кеңістіктік құрылымды сипаттау үшін евклидтік емес жүйені зерттеуді талап етті (Ю.Н.Гладкий, Л.Б.Вампилов, А.А.Соколов, В.Д.Сухоруков, т.б.). Себебі географиялық кеңістік уақытпен тығыз байланыса келе, кешенді кеңістіктік-уақыттық құрылымды құрайды және оған географиялық еңбек бөлінісі, геосаясат, геостратегия, дифференциация, интеграция, т.б. мысал бола алады. Соңғы жылдары географиядағы кеңістік пен уақыттың мәні қазіргі картография мен географиялық ақпараттық жүйелердің дамуымен байланысты ашыла түсуде. Ол компьютерлік картографияның пайда болуымен, географиялық ақпараттық жүйе мүмкіндіктерінің, сондай-ақ кеңістіктік және уақыт сфераларына талдау әдістерінің кеңеюімен байланысты болып отыр [13].

Географиялық кеңістік пен уақыт табиғаттың абиотикалық, биокостық компоненттерінен ғана емес, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік-техногенді компоненттерінен тұратын күрделі жер ғаламшары кеңістігі ретінде ретінде географиялық қабықтың (геоверсум – Жердің айырықша жүйелі кеңістігі, терминді алғаш ғылымға 1983 ж. Э.Б.Алаев енгізген) барлық салаларының, яғни, литосфера, гидросфера, атмосфера, биосфера, ноосфераның кеңістіктік жағдайын қамтиды.

Қорытынды

Көптеген ғалымдардың пікірінше адам мен табиғаттың өзара үйлесімді байланысын құру үшін география барлық ғылымның басын біріктіруші, өйткені қазіргі кезде география адамзаттың практикалық іс-әрекетін байланыстыруша құрылымдық ғылымға айналуда. Осыған сәйкес жалпы ғылыми әдебиеттерге талдау жасай келе, кеңістік пен уақыт типтерінің алуан түрлілігі анықталып отыр. Мәселен, қазіргі кезде кеңістік пен уақыттың геологиялық, географиялық, әлеуметтік, коммуникациялық қатынастар және т.б. типтері анықталып, олардың өзіне тән ерекшеліктері мен сипаты және проблемалары талқылануда. Нәтижесінде кеңістіктік-уақыт құрылымының біртекті еместігі, өзара элементтері арасындағы қатынастар, дамуындағы өзгерістер жан-жақты зерделенуде. Мәселен, бірнеше жыл бұрын британдық басылымдарда коммуникациялық қатынастар саласындағы жетістіктерге тоқтала келе, оның басым жақтары мен салдары туралы жазады. Онда географиялық кеңістіктің «тозуы» техникалық жетістіктермен тікелей байланысты екендігін айтады [14]. Бұл қазіргі «ақпараттық ғасыр», «желілік қоғам» ұғымдарының географиялық кеңістік және уақытпен байланысты екендігін дәлелдейді.

Осыған орай географиялық кеңістік пен уақыт бір-бірімен өте тығыз байланыса келе, географиялық ғылыми теория үшін маңызды әдіснамалық мәнге ие болып отыр. К.К.Марковтың пікірі бойынша кеңістік-уақыт мәселелерін шешу география ғылымының әдіснамасына тікелей қатысты. Сондықтан география ғылымы географиялық кеңістік пен уақыт олардың болмыс формалары ретінде зерттеудің жаңа жүйесіне көтерілді. Материя қозғалысының географиялық формасы проблемалары географиялық кеңістік пен географиялық уақытсыз шешілуі мүмкін еместігі дәлелденіп отыр. Географиялық нысандарды материяны ұйымдастырудың айырықша құрылымдық деңгейі екендігін мойындау, материя қозғалысының географиялық формасы географиялық кеңістік және уақыт қозғалысын тануға әкеп соғады. Географиялық ғылымның қазіргі даму кезеңінде географиялық кеңістік-уақыт объективті-материалистік және ақыл-ой-ой-идеалистік көзқарас тұрғысынан қарастырылуда. Сондықтан нақты географиялық құрылымдарды зерттеу бүгінгі таңда географиялық кеңістікті-уақытты қабылдау талдауымен толықтырылып отыр.

Соңғы жылдары гуманитарлық және жаратылыстану, сонымен қатар адамтану ғылымдарында кеңістік пен уақыттың мән-мағынасын түсіну артып, ғалымдар мен тәжірибе жүргізушілер кез келген физикалық процестер мен адамның әрекетінің өз географиясы мен тарихы бар екендігін мойындап отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Канке В.А. Основные философские направления и концепции науки. Итоги XX столетия. – М.: Логос, 2000.

2 Кагарманова Г.С., Булатова З.А, Заманова Н.А. Роль географии в современном мире //Электронный научно-практический журнал «Современные научные исследования и инновации», 2018. – № 6(10). http://www.nauka.org.ru/wp-content/uploads/2018/06/ (дата обращения: 10.09.2019).

3 Гречко П.К. Философия постмодернизма. Интернет-портал «Российское образование». URL: http://www.humanities.edu.ru/db/msg/8592 (дата обращения: 05.09.2019).

4 Маслова Е.В. Проблема социально-философского смысла и образовательного значения идеи коэволюции: автореф. дис. ... канд. философ. наук:. – СПб., 2002. – 43 с.

5 Abhay Ashtekar. Space and Time: From Antiquity to Einstein and Beyond. //Science Journal v.23, PennState, Summer 2005. pp. 4-19. https://www.ias.ac.in/article/fulltext/reso/011/09/0004-0019 (дата обращения: 11.09.2019).

6 Пространство и время: развитие представлений от античности до Эйнштейна и к нашим временам, 2013 /https://oko-planet.su/science/sciencehypothesis/37385-prostranstvo-i-vremya-razvitie-predstavlenij-ot.htm (дата обращения: 11.09.2019).

7 Криворотько В.В. Парадигма универсального эволюционизма и географическая картина мира // Труды БГТУ. - Минск: БГТУ, 2012. – № 5 (152). – С. 110-112. https://elib.belstu.by/handle/123456789/3414 (дата обращения: 10.09.2019).

8 Каледин Н.В. Географическая научная картина мира: деятельностно-геопространственный контекст // Вестник СПб. ун-та. Сер. 7: геология, география. 2003. Вып. 1. – С. 111-117.

9 Искакова Ғ.З., Байдавлетова М.Д., Өскенбай М.Ә. Түркі қағанаттарында қалыптасқан географиялық кеңістік туралы түсінік /«edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы № 2(06), 2019. http://edu.e-history.kz/kz (қаралған күні: 16.09.2019).

10 Костинский, Ю.В. Географическая матрица пространственности //Изв. РАН. Сер.геогр. – 1997. – № 5.– С. 16-32.

11Топчиев А.Г. Географическое пространство и его свойства //Всесоюзный симпозиум по теоретическим вопросам географии. – Киев, 1977.

12 Надыров Ш.М., Жумабаева С.Д. Экономическая география Казахстана в ракурсе геопространственных отношений в условиях мирового финансово-экономического кризиса //Вестник КазНУ. Серия географическая, 2009. – № 1 (28). – С. 108-111.

13 Котляков В. М. География в меняющемся мире. Изб.соч. – Кн. 3. – М. 2001.

14 Charles W. J. Withers. Place and the "Spatial Turn" in Geography and in History //Journal of the History of Ideas. Vol. 70, No. 4 (Oct., 2009), pp. 637-658. University of Pennsylvania Press. https://www.jstor.org/stable/20621915?seq=1#page_scan_tab_contents (қаралған күні: 16.09.2019)

КАТЕГОРИИ ПРОСТРАНСТВА И ВРЕМЕНИ В ГЕОГРАФИЧЕСКОЙ КАРТИНЕ МИРА

Ш.Ш. Карбаева
к.п.н., доцент,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан
email: karbaevash@mail.ru

В настоящее время с развитием географической науки географическая картина мира рассматривается непосредственным предметом научного познания, а также является основой для моделирования современного мира. Географическая картина мира - всеобъемлющее понятие, в котором отражаются представления человека о природе и обществе, его отношение к природе и обществу. В данной статье речь идет о двух категориях географической картины мира: пространстве и времени. География является наукой о пространстве, а история - наукой о времени. Категория «пространство» составляет философскую концептуальную основу географической науки, ее суть. Географические объекты, процессы и явления представляются пространственно, все отношения в географии сводятся, так или иначе, к пространственным отношениям.

Ключевые слова: *географическая картина мира; пространство; время; концептуальная основа географической науки, человек, природа; общество*

CATEGORIES OF SPACE AND TIME IN THE GEOGRAPHICAL PICTURE OF THE WORLD

Sh.Sh. Karbayeva
Cand. Sci. (Pedagogy), associate Professor,
Abai Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan,
email: karbaevash@mail.ru

Now with development of geographical science the geographical picture of the world is a direct subject of scientific knowledge, and also a basis for modeling of the modern world. Geographical picture of the world is a comprehensive concept, which expresses the ideas of man about nature and society, his attitude to nature and society. This article will focus on two categories in the geographical picture of the world as space and time. Geography is the science of space, just as history, for example, is the science of time. The category «space» is a philosophical conceptual basis of geographical science, its essence. Geographical objects, processes and phenomena are all represented spatially, all relations in geography are reduced, one way or another, to spatial relations.

Keywords: *geographical picture of the world; space; time; worldview; conceptual basis of geographical science, man, nature; society*

Редакцияға 10.09.2019 қабылданды.